

Пән: Қаржы құқығы

Дәріс сабақтарының тезисы

Тақырып 1 дәріс «Қаржы жүйесі және мемлекеттің қаржылық қызметінің мәселелері»

Түйінді сөздер: Қаржы, қаржы жүйесі, мемлекеттік қаржылар, мемлекеттің қаржылық қызметі, мемлекеттің ақшалай қорлары және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Қаржы және мемлекеттің қаржылық қызметінің түсінігі.
Мемлекеттің қаржылық қызметінің мақсаты, міндеті және қағидалары.
2. Қаржы жүйесі және оның құрамы.
3. Мемлекеттің қаржылық қызметінің әдістері мен нысандары.

Тезис:

Қазақстан Республикасының қаржы құқығы пәнін оқуды бастаудан бұрын біз қаржылардың ғылыми тұрғыдан мағынасы мен экономикалық табиғатын анықтауымыз қажет.

Қаржылардың қоғам және жекелеген азаматтардың өмірінде алатын орны, олардың мұқтаждықтарын қамтамасыз ету жөнінде атқаратын рөлі өте зор. Қаржылар мемлекеттің өсіп дамуының материалдық негізі және тірегі, сондай-ақ оның міндеттері мен қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз етудің қайнар көзі болып табылады. Қаржылық құралдар арқылы мемлекет еліміздің экономикасының өсіп дамуына белсенді, пәрменді түрде ықпалын тигізеді. Бұл жерде күнделікті қоғам өмірінде, өндіріс аясында да көбінесе қаржыларды ақша немесе қаражат деп түсінетінін айта кетуіміз қажет. Ақшалардың атқаратын қызметін білмейтін адамдар кемде-кем шығар. Ақшалар күн өлшеу, айналым, айырбас және т.б құрал ретінде жалпыға бірдей құндылық баламасын көрсетеді.

Ал, қаржылардың атқаратын басты рөлі мемлекетке жүктелген қызметтерді орындау, қоғам және экономикаға мұқтаждықтарын қанағаттандыру болып саналады. Қаржылар сатып алу, сату, айырбастау және тұтыну процестерін жүзеге асырмайды. Тағы бір айта кететін жайт, ақшаларды пайдалану А- Т және Т- А процесінде тікелей жұмсау түрінде көрініс тапса, ал мемлекеттік қаржыларды жұмсау – бөлу нысанында жүзеге асырылып, тікелей пайда табу көзделмейді.

Өркениетті, нарықтық мемлекеттердің өзінде де қаржыларға айрықша көңіл бөлінеді. Себебі, осы дамыған елдердің қаржы жүйесі арқылы ұлттық табысты қайта бөлу көрсеткіші елу пайыздан асып отыр. Осыған байланысты, олардың мемлекеттік бюджеттерінің көлемі күрт өсіп отырады.

Сонымен, қаржылардың көпқырлы ұғым екенін байқадық. Сондықтан, оның мәнін ашып көрсету мақсатында оны бірыңғай термин ретінде қарастырсақ, онда оның негізгі үш қырынан көрініс табатынын көреміз.

Біріншіден, қаржылар деп өндіріс және тұтытуда экономикалық ресурстардың бір түрі ретінде пайдаланылатын ақшаларды және ақша қаражаттарын айтуға болады.

Екіншіден, қаржылар ақша қаражаттарының жиынтығы ретінде қаржыландыру терминімен байланыста болады. Сондықтан болар, бұл жерде қаржы термині мемлекетті, кәсіпорындарды, кәсіпкерлерді, аумақтарды, әлеуметтік-экономикалық т.б бағдарламаларды қаржылық ресурстармен қамтамасыз етудің қайнар көзін, көлемін, түрлерін және тәсілін білдіреді.

Үшіншіден, қаржылар арнайы және дербес экономикалық категория ретінде бөлу қатынастарын көрсетеді. Нақты бағыттарға арналып ақша бөлу түрінде жүзеге асырылатын қаржыландырудың өзі бөлу болып табылады.

Сонымен, қорыта келсек, экономикалық категория ретіндегі қаржыларды өте маңызды белгілері қаржылық қатынастардың бөлу сипатында болуы, ақша нысанындағы құнның тек бір жақты қозғалысын білдіруі.

Енді осы қаржылар жөнінде оқымысты ғалымдардың көз қарастарына көз жүгірте отырып, салыстырып көрейік. Қаржылық құқық саласының көрнекті ғалымы А.И. Худяков «қаржы» термині латынның «финис», яғни қандай да істің бітуі арқылы немесе төлемнің, жалақының төленуі мерзімі деген сөзден туындаған дейді. Орта ғасырлық латын тілінде «финанс» міндетті ақшалай төлем деген мағынада айтылған болатын. XVIII ғасырда француздар «финанс» деп мемлекеттің шығыс пен кірісін, мемлекет мүліктері жиынтығын немесе мемлекеттік шаруашылықты айтатын болатын. Ал, қазіргі кезде «финанс»- қаржы терминінің мағынасы ақшалармен тығыз байланысқан. Сондықтан болар көптеген жағдайларда қолда бар немесе құжат жүзіндегі ақшалар деген түсінік қалыптасқан. Ал, экономистер азаматтардың, мемлекеттің, заңды тұлғалардың қаржылары деп бөлінеді. Кейбіреулер тар мағынада қаржылар тек мемлекет пен заңды тұлғалардың ақша қаражаттарын қамтиды деп түсіндіреді.

Сонымен, қорыта келгенде, қаржылар деп мемлекеттің ақшалай кірістерін қалыптастыру, бөлу және пайдалану процесінде туындайтын экономикалық қатынастардың жүйесін айтамыз.

Енді осы жоғарыда айтылған барлық ғылыми көзқарастарды тұжырымдасақ, «қаржы» терминінің екі категориядан тұратынын көреміз: материалдық және экономикалық. Материалдық мағынада «қаржы» деп, мемлекеттің өз қарамағындағы ақша қаражаттары қорларының жиынтығын айтамыз.

Бұл жерде айта кететін бір жағдай, күнделікті өмірде, халық арасында қаржыны көбінесе ақша деп түсінеді. «Финансымыз таусылды», «Финанс жағынан қиналып тұрмыз» деген сөздерді әрқайсымыз жиі естіп жүрміз. Қаржы мен ақшаның айырмашылығын айтып өткенбіз. Сондықтан, қаржыны ақша деп түсінген қателік. Өйткені, қаржылар, жаңа айтып кеткендей, тек мемлекет қарамағындағы ақша қаражаттары қорларының түрлері болғандықтан, олар тек мемлекетке мүдделі, яғни мемлекетпен тығыз байланыста. Сонымен қатар, қаржыларды мемлекеттің мемлекет болып қалыптасуының ең басты және бірден-бір материалдық тірегі, деп айтсақ дәлірек болар. Ал, егер қаржыларды ақша деп түсінсек, онда олар тек мемлекет қорларындағы ақшалар ғана. Жаңа, кейде қателесіп, қаржыны ақша деп атап жүрміз дегенбіз. Бұл жағдайда күнделікті өмірде өзіміз жұмсайтын қолымыздағы жалпыға бірдей эквивалентті – нақты ақшаларды айтқанбыз.

Экономикалық категория ретінде «қаржы» деп, мемлекеттің ақшалай ресурстарын жоспарлы түрде қалыптастыратын және бөлетін, сондай-ақ олардың пайдаланылуын ұйымдастыратын экономикалық қатынастардың жүйесін айтамыз.

Сонымен, қаржылар терминінің мағынасын анықтадық.

Енді мемлекеттің қаржылық қызметіне, оны жүзеге асыру әдістері мен құқықтық негіздеріне және формаларына тоқталайық.

Мемлекеттің қаржылық қызметі, басқару қызметінің бір түрі болғандықтан, сондай-ақ басқару термині бұл аяда кең мағынада, яғни мемлекеттің уәкілетті органдар мен басқару органдарының қызметін қамтитындықтан көрініс табады. Мемлекет мақсатты және жоспарлы түрде өзінің және қоғамның мұқтаждығын қанағаттандыруға, қамтамасыз етуге қажетті орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қаражаттарын қалыптастыру, бөлу және пайдалану процесін жүзеге асырады, сондай-ақ осы ақша қаражаттары қорларының, яғни қаржылардың иесі болып табылады.

Қаржылардың көмегімен мемлекет өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді іс жүзінде жүзеге асырады. Осы қаржылардың мемлекеттің материалдық базасы екенін және өсіп дамуына ықпал тигізетінін білеміз. Мемлекеттің қаржылық қызметі барысында мемлекет (немесе оның уәкілетті органы) экономикалық қаржылық қатынастардың субъектісі болады, сондай-ақ осы қатынастар қаржылық-құқықтық қатынастарға айналғаннан кейін де сол мәртебелері сақталып қала береді. Сондықтан, қаржылық-

экономикалық қатынастар әрқашанда императивтік нысанда, яғни өктем ұйымдастыру түрінде жүзеге асырылады.

Тақырып 2 дәріс. Қаржылық құқық - құқық саласы ретіндегі өзекті мәселелері

Түйінді сөздер: Қаржылық құқық, қаржылық құқықтың пәні, қаржылық құқықтың әдісі, қаржылық құқықтың жүйесі және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Қаржы құқығының пәні мен түсінігі.
2. Қаржы құқығының реттеу әдістері.
3. Қаржы құқығының жүйесі.
4. Мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық негіздері.

Тезис:

Қаржы түсінігін өткенде, біз оның екі мағынасын ашып көрсеткен болатынбыз. Яғни, материалдық мағынада қаржылар мемлекет қарамағындағы ақша қаражаттары қорларының жиынтығын, ал экономикалық категория ретінде қаржылар мемлекеттің ақша қаражаттары қорларын қалыптастыратын, бөлетін және пайдалануды ұйымдастыратын экономикалық қатынастардың жүйесін білдіреді деп айқанбыз.

Мемлекетке қажетті ақша қаражаттары қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттің немесе оның уәкілетті органдарынан іс-әрекеттері мемлекеттің қаржылық қызметі болып табылатынын білеміз. Осы мемлекеттің қаржылық қызметінің, яғни мемлекеттің ақша қаражаттары қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру барысында пайда болатын қоғамдық қатынастар қаржы құқығының пәні болып табылады.

Қаржылар экономикалық категориялардың бірі болғандықтан жоғарыда көрсетілген қоғамдық қатынастар экономикалық қатынастар жүйесіне кіретін қаржыларға байланысты қатынастар қаржылық қатынастар болып табылады.

Қаржылық-экономикалық қатынастардың өздеріне тән белгілері бар, олар: біріншіден, бұл қатынастар ақшаға байланысты қатынастар болып табылады. Бірақ ақшаға байланысты қатынастардың бәрін бірдей қаржылық қатынастар деп айта алмаймыз. Мысалы, ақша қорларын пайдалану жөніндегі қатынастар қаржылық қатынастарға жатпайды. Өйткені, «пайдалану» терминінің экономикалық мағынасына тоқталсақ, ол «пайда табу», «пайда қылу» деген мағынада айтылады. Ақшаның өзіндік тұтынушылық құны жоқ. Тұтыну құны деп белгілі бір заттың өзіндік пайдалылығын, адам мұқтажын қанағаттандырушы мүмкіншілігін айтамыз. Сондықтан ақшаны пайдалану экономикалық қатынастың бір түрі, айырбас процесінде ғана жүзеге асырылады, яғни ақша тауар қатынасында. Ал бұл қатынасты азаматтық құқық пәніне жатқызамыз.

Екіншіден, қаржылық қатынастар мемлекеттің өсіп-дамуымен, өркендеуімен болады және осы мемлекеттің қызметін жүзеге асыру процесін ақшалай қатамасыз етеді. Сондай-ақ, қоғам мұқтажы мен мүддесіне қажетті ақша қаражаттары қалыптастырады.

Үшіншіден, қаржылық қатынастар арқылы қаржылардың өткен тақырыпта айтып кеткендей, үш қызметі жүзеге асырылады.

Төртіншіден, бұл қатынастар мемлекеттің қаржылық қызметінің нәтижесінде пайда болады. Бесіншіден, қаржылық қатынастардың өздеріне тән, ерекше қасиеті бар, олар балама түрде кездеспейді. Балама түрде болмайтын себебі, олар «ақша-тауар», «тауар-ақша» қатынастарын жүзеге асырмайды. Қаржылық қатынастар тауар түріндегі құнның біржақты қозғалысын ғана білдіреді. Алтыншыдан, бұл қатынастар экономикалық қатынастар болып есептелгендіктен базистің құрамына жатады. Жетіншіден, қаржылық қатынастар әрқашанда құқықтық нысанда кездеседі және олар қаржылық-құқықтық

қатынастар түрінде болады. Сонымен мемлекеттің алға қойған мақсатын жүзеге асыруға қажетті ақшаны қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастар құқықтық реттеуді керек етеді.

Енді осы қоғамдық қатынастарды, яғни қаржылық-экономикалық қатынастарды құқықпен реттесек, қаржылық-құқықтық қатынастар пайда болады. Бұл қаржылық-құқықтық қатынастарды мемлекеттің қаржылық қызметінің нәтижесінде пайда болатынын және оның тек қаржылық құқық пәні болып есептелінетінін есте сақтау қажет.

Осы аталған экономикалық және құқықтық белгілердің жиынтығы қаржылық қатынастардың ішінен, ал қаржылық-құқықтық қатынастарды жалпы құқықтық қатынастардың ішінен, ал қаржылық-құқықтық қатынастарды жалпы құқықтық қатынастардың ішінен бөліп шығаруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, олардың ақша қатынастарын реттейтін азаматтық, еңбек және басқа да құқық нормаларынан айырмашылығы бар екенін көрсетеді. Осы айтқандарымызды қорыта келсек, қаржы құқығы деп, мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын айтамыз.

Қаржы құқығының ғылымы деп, қаржылық құқықтың құқық саласы ретіндегі мағынасы, рөлі мен маңызы туралы, сондай-ақ дамуы туралы түсініктемелер мен ілімдердің жиынтығын айтамыз.

Қаржы құқығы ғылымының негізін қалап, дамытқан, көптеген қаржылық-құқықтық ғылым көзқарастарын дүние жүзілік көлемде ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, ілімге айналдырған бұрынғы кеңестер одағының осы саладағы көрнекті ғалымдары В.В.Бесчеревных, М.И.Ровинский, Н.И.Химичева және т.б. атап өтуге болады.

Қазақстан бойынша осы қаржы құқығы ғылымы саласында талай жылдар бойы ат салысып келе жатқан А.И.Худяков, С.М.Найманбаев – Қазақстан Республикасындағы қаржы құқығының негізін қалаушылар.

Қаржы құқығы ғылымының пәні – мемлекеттің қаржылық қызметінің түрлері мен әдістерінен, қаржылық бақылаудан, сондай-ақ өзара байланысқан және бір даму жүйесіндегі қаржылық құқықтық нормалар мен олар реттейтін және бекітетін қоғамдық қатынастардан тұрады.

Қаржы құқығы ғылымының өзіне ғана тән қасиеті қаржылық-экономикалық ғылымымен өте тығыз байланыста болуы.

Тақырып 3 дәріс. Қаржылық-құқықтық нормалар және қаржылық құқықтық қатынастардың өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Қаржылық құқық нормалары, қаржылық құқық қатынастар, заңи фактілер, және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Қаржылық құқықтық нормалар: түсінігі, өздеріне тән белгілері мен ерекшеліктері, құрылымы.
2. Қаржылық құқықтық нормалардың негізгі түрлері, топтастырылуы. Қорғаушы және реттеуші қаржылық құқықтық нормалар.
3. Қаржылық құқықтық қатынастар: түсінігі, өздеріне тән белгілері, түрлері, объектілері.
4. Қаржылық құқық және қаржылық құқықтық қатынас субъектілері: түрлері, құқықтық жағдайларының ерекшеліктері.
5. Қаржылық құқықтық қатынастардағы заңи фактілер: түсінігі, маңызы, функциялары.

Тезис:

Қаржылық құқықтық қатынастар - құқықтың нормаларымен реттелген қаржылық экономикалық қатынастар. Қаржылық құқықтық қатынастардың өздеріне тән белгілері:

1. Олар мемлекеттің қаржылық экономикалық қатынастарды құқықпен реттеуінің нәтижесінде пайда болады және олардың құқықтық формасы болып саналады.
2. Қаржылық құқықтық қатынастардың объектісі ақшалар немесе ақшалай міндеттемелер болып табылады.
3. қаржылық құқықтық қатынастардың міндетті субъектісі мемлекет болып табылады.
4. қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттік өктем сипатта болады.
5. қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің ақшалай қорларын қалыптастыруға бөлуге және пайдалануын ұйымдастыруға байланысты процестерді білдіреді.

Маңызы бойынша қаржылық құқықтық қатынастар материалдық және ұйымдастырылуы бойынша болып бөлінеді. Материалдық қаржылық құқықтық қатынастар ақша қаражаттарының тікелей қозғалысын білдіреді.

А) төлеушілерден қандай да болмасын мемлекеттік қорға өтуі арқылы оның қалыптасу процесін көрсетеді.

Б) бір қордан басқа қорға өтуі арқылы мемлекеттің ақша қаражаттарын бөлу процесін көрсетеді.

В) қордан мемлекеттік ақша қаражаттарын нақты алушыға.

Ұйымдастырылуы бойынша қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің ақша жүйесін және оның қаржылық құрылымын қаржылар саласындағы басқару органдарының жүйесін қорларды қалыптастыру және бөлу процестерін жоспарлауды ұйымдастыру сондай-ақ мемлекеттің ақша қаражаттарын пайдалануға бақылау жасау процестерін білдіреді.

Қорларға байланысты қаржылық құқықтық қатынастар былайша бөлінеді:

1. бюджеттік
2. қаржылық-банктік
3. қаржылық-сақтандыру
4. қаржылық-шаруашылық

Құқықтық реттеу әдісіне байланысты қаржылық құқықтық қатынастар біржақты өктем және шартты болып бөлінеді.

Біржақты - өктем қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің біржақты өмірінің негізінде пайда болады және өктемдік және бағыныштылық моделі бойынша құрылады.

Шартты қаржылық құқықтық қатынастар екі жақтың келісіміне негізделеді.

Мемлекет нақтылы қаржылық құқықтық қатынастарда өзінің қаржылық қызметін жүзеге асыра отырып мына төмендегідей көрініс табуы мүмкін:

1. тұтастай өзі;
2. а) мемлекет атынан; б) өзінің атынан бірақ мемлекеттің тапсырысуымен және оның мүддесін көздей отырып іс әрекет жасайтын өзінің органы арқылы.

Қаржылық құқықтық қатынас субъектілері мемлекеттік органдардың белгілері:

1. осы органдардың қызметтері мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамына кіретін ақша қорларын қалыптастыру бөлу және пайдалануды ұйымдастыру процестерін көрсетеді.

2. бұл субъектілер өздеріне тиісті өктем өкілеттілік берілген мемлекеттік орган ретінде есептеледі.

3. олардың іс әрекеттері жалпы мемлекеттік мүддемен анықталады.

4. осы әрекеттер барысында мемлекет функциялары жүзеге асырылады.

5. осы туындайтын қоғамдық қатынастар өздерінің құқықтық және экономикалық белгілері бойынша қаржылық болып табылады.

Қаржылық құқықтық қатынас субъектілерінің түрлері:

1. мемлекеттің біртұтас өзі
2. мемлекеттік өкімет және басқару органдары
3. өздерінің өкілді және атқарушы органдары арқылы әкімшілік аумақтық құрылымдар
4. заңды тұлғалар
5. жеке тұлғалар.

Қаржылық құқықтық қатынастардың пайда болуы өзгеруі және тоқтатылуы негіздері. Қаржылық құқықтық қатынастардың пайда болуы өзгеруі және тоқтатылуы негіздері қаржылық заңдарда көзделген заңды фактілер болып табылады.

Заңды фактілерге қимылдар және оқиғалар жатады: әрекет ерік білдіру нәтижесі болып табылатын заңды фактілер яғни адамдардың саналы қызметтерінің нәтижесі. Әрекеттер құқыққа сай және құқыққа сай емес болып бөлінеді. Оқиғалар адамдардың еркінен тыс пайда болатын заңдық мәні бар фактілер. Мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық негіздері қаржылық қызметтің жалпы бастамасын оның принциптерін міндеттері мен мақсаттарын қаржы жүйесінің құрылымын қаржылық экономикалық институттардың түрлерін сондай-ақ олардың ақшалай ұорларын білгілейтін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты. Қаржылық қызметтің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қаржылық заңдар болып табылады. Қаржылық қызмет белгілі бір құқықтық формада жүзеге асырылады. Мемлекеттің қаржылық қызметінің құқықтық формалары қаржылық қызмет мәселелері бойынша өздерінің құзыреттерінің шегінде мемлекеттік органдар қабылдаған қаржылық құқықтық яғни заңды актілер болып табылады.

Тақырып 4 дәріс. Мемлекеттің қаржылық құрылымының құқықтық негіздерінің өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Мемлекеттің қаржылық құрылысы, мемлекеттік валюталық қаржылық қызмет, мемлекеттік қаржылық банктік қызмет, мемлекеттік кредиттік қаржылық қызмет, мемлекеттік қаржылық сақтандыру қызметі, мемлекеттік қаржылық шаруашылық қызметі және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Мемлекеттің қаржылық құрылысының құқықтық негіздері қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы.
2. Мемлекеттің қаржылық құрылысы: түсінігі, құрамы, ұйымдастырылу негіздері, нормативтік-құқықтық базасы. Мемлекеттің қаржы жүйесі.
3. Мемлекеттің қаржы жүйесі. Мемлекеттің қаржылық саясаты.
4. Мемлекеттің қаржылық құрылымы және қаржылық реттеу: түсінігі маңызы.

Тезис:

Мемлекеттің қаржылық құрылы қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің бір институты ретінде қарастырылады. Қаржылық құрылыс өзіне тән элементтерден тұрады. Олар: қаржылық жүйе, қаржылық органдардың құрылымы және қаржылық реттеу. Қаржы жүйесінің әрі Қазақстандағы бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты және т.б. қаржылық құқық нормаларында бекітілген принциптерге негізделіне отырып жүзеге асырылады.

өз аяларына орай мемлекеттің қаржылық қызметінің:

- бюджеттік қызмет
- мемлекеттік валюталық қаржылық қызмет
- мемлекеттік қаржылық банктік қызмет
- мемлекеттік кредиттік қаржылық қызмет
- мемлекеттік қаржылық сақтандыру қызметі;
- мемлекеттік қаржылық шаруашылық қызметі
- салықтық қызмет
- Мемлекеттік инвестициялық қызмет
- Мемлекеттік қаржылық жоспарлау;

- Мемлекеттік қаржылық бақылау сияқты түлері болады.

Қазақстан Республикасының қаржылық құрылысы ауқымындағы мемлекеттің қаржылық қызметі мемлекеттік ақшалай қорларды қалыптастыру мемлекеттік ақшалай қорларды бөлу және ақшалай қорларды пайдалануды ұйымдастыру тәрізді негізгі үш әдіс арқылы жүзеге асырылады.

Тақырып 5 дәріс. Қаржылық құқықтағы ақша жүйесінің құқықтық негіздерінің өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Ақша жүйесі, ақша жүйесінің құрылымы, валюталық реттеу, ақша бірлігі, ақша түрлері, ақша эмиссиялау тәртібі, валюта режимі. ақша айналымының тәртібі және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Ақша жүйесінің құқықтық негіздері қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы.
2. Ақша жүйесі: түсінігі, типтері, негізгі элементтері, құқықтық негіздері.
3. Қазақстан Республикасының ақша жүйесі: нормативтік-құқықтық негіздері, айрықша белгілері.
4. Қазақстан Республикасындағы валюталық реттеу: түсінігі, құқықтық нысандары, міндеттері, әдістері.

Тезис:

Ақша жүйесінің құқықтық негіздері еліміздің ақша жүйесін белгілейтін және оның қоғам және мемлекет мүддесіне сай ойдағыдай жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты.

Осы институттың реттеу объектісі мына басты үш элемент болып табылады.

1. ақша жүйесінің құрылымы.
2. ақша айналымын ұйымдастыру оған қоса бағалы қағаздар айналымын ұйымдастыру негіздері.
3. валюталық реттеу.

Ақша жүйесі - еліміздегі ақшалардың өз функцияларының атқаруын трихи қалыптасқан және ұлттық заңдармен бекітілген ұйымдастырылу нысаны.

ақша жүйесіне мына элементтер кіреді:

1. ақша бірлігі
2. ақша түрлері
3. ақша эмиссиялау тәртібі
4. валюта режимі
5. ақша айналымының тәртібі

Ақша бірлігі еліміздегі барлық тауарлардың бағасын өлшеу жөнінде қызмет тақаратын заңмен белгіленген ақша номиналы. Ақша түрлері – заңды төлемдік күші бар ақшалардың белгілері және олардың номиналдары.

Ақшалардың екі түрі шығарылады 1) Қағаз ақшалар 2) Ұсақтаушы металл мәнеттер

Ақшалар

- құн өлшемі ретінде
- төлем құралы ретінде
- айным құралы ретінде
- қазына жию құралы ретінде көрініс табады.
- Дүниежүзілік ақшалар ретінде.

Ақша эмиссиялай тәртібі. Мемлекетіміздегі тікелей эмиссиялық орталық алтынмен қамтамасыз етілген банкноттарды және ұсақтаушы мәнәттерді шығару түріндегі пассивті операцияны жүзеге асыратын Қазақстанның Ұлттық Банкі болып табылады.

Қаржы министрлігінің қазынашылығы да эмитент болуы мүмкін.

Валюта режимі ұлттық валюта сондай-ақ шетел валютасы тарапынан мемлекет белгілеген валюталық шектеулер.

Валюталар:

- А) толығымен айналатын;
- Б) жартылай айналатын;
- В) айналымға түспейтін.

Валюталық монополия валюталық құндылықтармен мәміле жасау жөніндегі мемлекеттің айрықша құқығы. Валюталық монополия валюталық құндылықтармен мәміле жасау жөніндегі мемлекеттің айрықша құқығы. Валюталық монополия объектілері

- 1. шетелдік валюта;
- 2. шетел валютасымен көрсетілген төлем құжаттары мен бағалы қағаздар;
- 3. кезкелген түрдегі және күйдегі құнды металдар;
- 4. шикізат және өңделген күйіндегі табиғи бағалы тастар.

Ақша айналымы тауарлар сондай-ақ тауарсыз төлемдер айналасына қызмет көрсету жөніндегі қолда бар және қолда жоқ түріндегі ақша қозғалысы.

Нақты ақшалар: банкноттар, металл, мәнәттер. Қолда жоқ ақшалар чектер кредиттік карточкалар және т.б. ақша жүйесінің құқықтық негіздері еліміздің ақша жүйесін белгілейтін және оның қоғам және мемлекет мүддесіне сай ойдағыдай жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты.

Осы институттың реттеу объектісі мына басты үш элемент болып табылады:

- 1. ақша жүйесінің құрылымы.
- 2. ақша айналымын ұйымдастыру оған қоса бағалы қағаздар айналымын ұйымдастыру негіздері.
- 3. валюталық реттеу.

Ақша жүйесі еліміздегі ақшалардың өз функцияларын атқаруының трихти қалыптасқан және ұлттық заңдарымен бекітілген ұйымдастырылу нысаны.

Ақша жүйесіне мына элементтер кіреді:

- 1. Ақша бірлігі.
- 2. Ақша түрлері.
- 3. Ақша эмиссиялау тәртібі
- 4. Валюта режимі
- 5. Ақша айналымының тәртібі.

Ақша бірлігі еліміздегі барлық тауарлардың бағасын өлшеу жөнінде қызмет атқратын заңмен білгіленген ақша номиналы. Ақша түрлері – заңды төлемдің күші бар ақшалардың белгілері және олардың номиналдары. Ақшалардың екі түрі шығарылады: 1. қағаз ақшалар. 2. ұсақтаушы метал мәнәттер.

Ақшалар:

- құн өлшемі ретінде
- төлем құралы ретінде
- айналым құралы ретінде
- қазына жию құралы ретінде көрініс табады.
- Дүниежүзілік ақшалар ретінде.

Ақша эмиссиялау тәртібі. Мемлекетіміздегі тікелей эмиссиялық орталық алтынмен қамтамасыз етілмеген банкноттарды және ұсақтаушы мәнәттерді шығару түріндегі пассивті операцияны жүзеге асыратын Қазақстанның Ұлттық Банкі болып табылады. Қаржы министрлігінің қазынашылығы да эмитент болуы мүмкін. Валюта режимі ұлттық валюта сондай-ақ шетел валютасы тарапынан мемлекет белгілеген валюталық шектеулер.

Валюталар:

- А) толығымен айналатын (еркін жүретін)
- Б) жартылай айналатын (жартылай еркін жүретін)
- В) айналымға түспейтін (еркін жүрмейтін) тұйықталған.

Валюталық монополия валюталық құндылықтармен мәміле жасау жөніндегі мемлекеттің айрықша құқығы. Валюталық монополия объектілері:

1. Шетелдік валюта.
2. шетел валютасымен көрсетілген төлем құжаттары мен бағалы қағаздар.
3. кез келген түрдегі және күйдегі құнды металдар.
4. шикізат және өңделген күйіндегі табиғи бағалы тастар.

ҚР ақша жүйесінің қалыптасуы ҚР Президентінің 1993 жылы 12 қарашада қабылданған «Ұлттық валютаны енгізу туралы» Жарлығымен басталады. Сол Жарлыққа байланысты 15.11.1993 жылдан бастап «теңге» ҚР ұлттық валютасы болып табылады .

Тақырып 6 дәріс. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару мәселелері.

Түйінді сөздер: Мемлекеттік қаржылар, мемлекеттік басқару, қаржылық басқарудағы өкілетті органдар және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы, нормативтік-құқықтық базасы.
2. Мемлекеттік қаржыларды басқару: түсінігі, басқаруды ұйымдастыру элементтері, принциптері, негізгі міндеттері. Мемлекеттік қаржыларды басқаруды қалыптастырудың және іске асырудың өктем билік, әлеуметтік механизмі мен субъективтік элементтері.
3. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқаруды жүзеге асырудың негізгі әдістері, құқықтық нысандары және өзекті мәселелері.

Тезис:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару аясына қаржылық және кредиттік реттеу; ақша эмиссиясы; баға саясатының негіздері; Ұлттық банк, мемлекеттік банктер; мемлекеттік бюджет; жалпы мемлекеттік салықтар мен бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдер жатады.

Қаржы саласындағы мемлекеттік басқару ісіне қатысын уәкілетті органдардың жүйесі ауқымды болып келеді, яғни, бұл аяда басқаруды жүзеге асыратын органдар қатарында басқару (атқарушы) органдарымен қоса үкімет органдары да атсалысады.

Сондықтан, бұл жерде «басқару» термині кең мағынада айтылады, яғни, мемлекеттік органдардың ұйымдастырушы қызметі мен атқарушы-билік қызметтерін бірдей қамтиды, сондай- ақ, бұл саладағы басқаруды мемлекеттік өкілді органдар мен мемлекеттік атқарушы-билік органдары жүзеге асырады. Осы қарастырып жатқан институтымыз барлық мемлекеттік органдардың қаржылық қызметі саласындағы құзыреттерін қамтитыны бізге белгілі.

Негізінде заң құжаттарында көзделгендей қаржы саласын (бұл жерде кең мағынада түсінуге тиіспіз) басқаратын органдары арнайы құзыретті, мамандандырылған басқару (атқарушы) органдары болып табылады. Мысалы, Қаржы Министрлігі, Ұлттық банк және тағы басқалары. Ал, мемлекеттік басқару кезінде осы арнайы құзыретті органдар қатарына өкілетті органдар, яғни Парламент, жергілікті мәслихаттар қосылады. Бұлар қаржы саласындағы басқаруды өз құзіретіне жататын бағыттар бойынша жүзеге асырады, сондықтан осы іс-қимылдар басқару сипатында көрініс табады.

Жалпы, заң әдебиеттерінде қолданылатын «басқару» термині үш мағынадан тұрады:

Біріншіден, басқаруды өктем уәкілетті субъектінің баыыниш- па субъектінің жүріс-тұрысына ұйымдастырылған түрдегі тигізетін ықпал деп түсінуге болады. Мысалы.

министрлік өзіне бағынышты кәсіпорындарды басқарады. Бұл жерде бағынышты субъект басқару объектісі ретінде танылады.

Екіншісі, басқару дегеніміз. қандай да болмасын процестерді реттеу, яғни бұл жерде басқару объектісі процестерді жүзеге асырған және асырзтын адамдардың жүріп-тұрысы болып табылады.

Үшінші, мағынасында басқару белгілі бір ұйымдастырылған құрылымды қалыптастыратын, іштей билік сатысына, яғни өктем билік және бағыныштылыққа негізделген органдар жүйесі деп есептеледі.

Қаржылар саласындағы басқару қаржыларды басқаратын мемлекеттік органдардың жүйесін анықтайтын және олардың құзыреттерін белгілейтін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты.

Қаржылық қызметті жүзеге асырушы субъектілердің жүріп тұруына мемлекеттік өкілетті органдардың ұйымдастырушы ықпалы.

Мемлекеттің қаржылық қызметі:

1. Қазақстан Республикасының инвестициялық қаржылық кешенін дамытуға, қаржы рыногын және ақша жүйесін ұйымдастыруға, оның ішінде ұлттық валюталық жүйені жетілдіруге және қоғамның ақшалай инфрақұрылымның тиісінше жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасауға;

2. Мемлекеттік билік және басқару органдарының, құқық қорғау органдарының, оның ішінде қаржылық құқықтық тәртіпті қорғау органдарының жұмыстары мен қызметінің тиісінше іске асырылуына сондай-ақ отанды қорғау ісі мен елдің қауіпсіздігін және экономикалық егемендігін қамтамасыз етуге қажетті мемлекеттің қаржылық экономикалық әлеуетін күшейтуге;

3. Мемлекеттің қаржылық ресурстарын қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары мен қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ нарықтық қатынастардың және өркениетті қаржы рыногының дамуына ықпалын тигізуге пайдалану тәрізді негізгі міндеттерді шешуге бағдарланып нысаланған. Осындай жоғарыда аталған бағыттарда қаржылық қызметті басқару жүзеге асырылады.

Енді осы айтылған басқару терминінің таза мағынасын қаржылар саласына бейімдеп пайдалансақ, онда олар мына келесідей көрініс табады:

- қаржы саласындағы басқару дегеніміз қаржылық қызметті жүзеге асырушы субъектілердің жүріс-тұрысына мемлекеттік уәкілетті органдар тигізеін ұйымдастырушы ықпалы;
- қаржыларды басқару мемлекет меншігіндегі ақша қаражаттарын тиісті бағыттарға бөлу, жұмсау болып табылады. Бұл жерде басқарушының өктем уәкілеттігі оның меншік жөніндегі өкілеттігіне, яғни дәлірек айтсақ, шаруашылықты жүргізу құқығына байланысты туындайды. Осы басқарушы субъект мемлекеттің қаржылық органы ретінде әрекет жасай отырып, өзіне тиесілі ақша қаражаттарына деген меншік құқығын жүзеге асырады;
- қаржы саласындағы басқару деп мемлекет атынан немесе мемлекеттің тапсыруымен және мемлекет мүддесін көздей отырып, өз атына мемлекеттің қаржылық қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті органдардың жүйесін айтамыз.

Тақырып 7 дәріс. Қаржылық жоспарлаудың құқықтық негіздерінің өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Мемлекеттік қаржылар, қаржылық жоспарлау, қаржылық жоспарлардың жобасы, қаржылық жоспарларды қарау, қаржылық жоспарды бекіту және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Қаржылық жоспарлаудың құқықтық негіздері қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институт ретінде: түсінігі, маңызы.
2. Қаржылық жоспарлау-мемлекеттің қаржылық қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде: түсінігі, объектісі, принциптері, әдістері, құқықтық негіздері.
3. Қаржылық жоспарлау процесі: мақсаты, жүзеге асырушы және атсалысушы қаржылық-жоспарлау органдары мен уәкілетті мемлекеттік органдар, стадиялары, заңи нысаны.
4. Қаржылық жоспарлар: жүйесі, түрлері, құқықтық нысандары, ерекшеліктері. Қаржылық жоспар мемлекеттік жоспардың маңызды элементі.

Тезис:

Қаржы министрлігі кредиттік валюталық ақша салық және кедендік саясаттармен өзара байланысты мемлекеттің бірыңғай қаржылық саясатының стратегиялық бағыттарын әзірлеу және іс жүзінде жүзеге асыру сондай-ақ мемлекеттің сыртқы экономикалық қаржылық саясатын әзірлеуді жүзеге асыратын орталық қаржылық экономикалық орган. Қаржылық жоспарлауды құқықтық реттеу қаржылық жоспарларды әзірлеу қарау бекіту және орындауды ұйымдастыру процестерін жүзеге асырушы жоспарлы қаржылық органдардың құзыреттерін сондай-ақ қаржылық жоспарларды әзірлеу қарау және орындауды ұйымдастыру жөніндегі негізгі ережелерді белгілейтін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты.

Қаржылық жоспарлау қаржылық жоспарларды жасау, қарау, бекіту және орындалуын ұйымдастыру процесі.

Қаржылық жоспарлау сатылары:

1. Қаржылық жоспарлардың жобасын жасау.
2. қаржылық жоспарларды қарау.
3. қаржылық жоспарды бекіту.
4. қаржылық жоспардың орындалуын ұйымдастыру және оның атқарылуын бақылау.

Қаржылық жоспардың құқықтық формасы қаржылық жоспарлық актілер.

Қаржылық жоспарлар жүйесі:

1. Мемлекеттің құрама қаржылық жоспары.
2. мемлекеттік бюджет.
3. Мемлекеттің валюталық жоспары.
4. мемлекеттік кәсіпорындар мен бірлестіктердің қаржылық жоспарлары.
5. мемлекеттік банктердің қаржылық жоспарлары.
6. Министрліктер мен ведомстволардың қаржылық жоспарлары.
7. мемлекеттік сақтандыру компанияларының қаржылық жоспарлары.
8. бюджеттік мекемелердің сметалары мен қаржылық жоспарлары.

Қаржылық бақылаудың құқықтық реттеу қаржылық бақылау органдарының жүйесімен құзыреттерін сондай-ақ қаржылық тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін белгілейтін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты. Ресейлік оқымысты заңгер А.Жданов қаржыларды мемлекеттің және жеке мекемелердің ақша қорларын құру, білу және пайдалану жөніндегі экономикалық қатынастар, ал қаржы жүйесін қаржылардың әртүрлі буындарының өзара байланыстары мен жиынтығы ретінде түсіну қажет деп көрсеткен. Ресейлік ғалым О.Н.Горбунова қаржы жүйесін екі тұрғыдан қарастырған:

а) әрқайсысы тиісті ақша қорларын құратын және пайдаланатын қаржылық институттардың жиынтығы;

ә) өздерінің құзыреттерінің шегінде қаржылық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен мекемелердің жиынтығы ретінде.

Ал қаржылық институттардың жиынтығы өзіне орай мемлекеттің қаржы жүйесін құрды. Қаржы жүйесі мемлекеттің нарыққа өту жағдайында дамуының өзгешеліктерін көрсете отырып мынадай буындардан тұрады:

- 1) Федералдық, федерация субъектілерінің бюджеттерінен және муниципалдық бюджеттерден тұратын бюджет қоры;
- 2) Бюджеттен тыс орталықтандырылған мақсатты қорлар;
- 3) Бюджеттен тыс орталықтандырылмаған мақсатты қорлар;
- 4) Шаруашылық субъектілер мен салалардың қаржысы;
- 5) Мүлікті және жеке басты сақтандыру;
- 6) Мемлекеттік және банктік кредит.

Негізінде “қаржылар” ақша түріндегі қоғамдық өнімдерді білуге байланысты экономикалық қатынастардың едәуір аумағын қамтиды. Қаржылардың ақша сипатында болуы, олардың экономикалық құндылық категориясына жататындығын және оларды жүзеге асыру нысаны болып табылатындығын көрсетеді. Қаржыларды экономикалық категория қатарына біліп, жеке-дара шығаруымыз үшін олардың мағынасын зерттеп, зерделеп білуіміз қажет. Экономикалық теория курсынан қоғамдық қатынастар құрамына кіретін ақшалай қатынастарды экономикалық қатынастар деп айтатынын білгенбіз.

Ал экономикалық қатынастар өндірістік қатынастарға қосылатындықтан қоғамдық қатынастар өндірістік қатынастардың бір білігі ретінде базистік қатынастарға жатады. Қазақстандық экономист-ғалым Мельников В.Д. қаржылардың қаржылық қатынастардың қалыптасуын және туындауын былайша көрсетеді: қоғамдағы ұдайы өндіріс процесі бір-бірімен тығыз байланысқан және өзара тәуелді төрт сатыдан тұрады: өндіру (өндіріс); білу; айырбастау; тұтыну.

Осы ұдайы өндірістің төрт сатысы арқылы қоғамдық өндіріс процесіне қатысушылардың арасындағы тауарлық қатынастардың бар жоғы анықталады, өйткені өндірілген өнімдер бұл жерде сату-сатып алуға жататын тауарға айналады. Бұл өнімдер тұтынудан бұрын білу ғана емес, солармен қатар қатынасқа қатысушылардың да талаптары мен мүдделерін қанағаттандыруға тиісті. Осыдан байқайтынымыз өндірілген материалдық немесе материалдық емес өнімдер, көрсетілген қоғамдық өнім ретінде заттай және ақшалай түрінде көрсетіледі.

Бұл жерде өндірілген өнімдер мен басқа да қажетті заттар, қызметтер – ақшаның, яғни жалпыға бірдей балама және құндылық өлшемінің көмегімен өлшенеді. Қаржылардың экономикалық категория ретіндегі қызметтері қоғамдық жиынтық өнімді білу кезінде анық көрінеді.

Тақырып 8 дәріс. Мемлекеттік қаржылық бақылауды құқықтық реттеудің өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Мемлекеттік қаржылық бақылау, бақылау жүргізетін өкілетті органдар, бақылау объектілері мен субъектілері және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Мемлекеттік қаржылық бақылауды құқықтық реттеу қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институт ретінде: түсінігі, маңызы, нормативтік-құқықтық базасы.
2. Мемлекеттік қаржылық бақылау: түсінігі, элементтері, принциптері, салалары, топтастырылуы.
3. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың маңызы, негізгі әдістері, түрлері, мамандандырылған қаржылық және басқа да уәкілетті органдары.

Тезис:

Республикалық қаржы комитетінің қызметінің құқықтық негіздері. Қаржы бақылау комитеті республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі құзыретінің шегінде жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылады. Комитеттің негізгі міндеттері:

1. Республикалық бюджеттің атқарылуын ішкі бақылауды және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылауды жүзеге асыру;
2. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылаудың және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылаудың әдіснамасын және әдістемесін әзірлеу.
3. Қойылған міндеттерге сәйкес Комитет мынадай функцияларды жүзеге асырады:
4. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау саласында орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерінің іс-әрекетін үйлестіреді;
5. Орталық мемлекеттік органдар жүзеге асыратын бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар береді;
6. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне және мәслихаттардың тексеру комиссияларына бақылау жүргізудің тиісті кесімдерін, сондай-ақ хабарлық үшін тиісті бюджеттердің атқарылуын бақылау жоспарларын жібереді.
7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттарының мақсатсыз әрі тиімсіз пайдаланылуын анықтау, тыю және болдырмау жөнінде шаралар қолданады;
8. Объектілер лауазымды адамдарының республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарын пайдаланудағы іс-әрекеттерінде қылмыстар белгілерін анықтаған жағдайларда бақылау материалдық, Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзылуының өзге де фактілерін құқық қорғау органдарына береді;
9. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау саласында кадрлардың біліктілігін көтеруді және қайта даярлануын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады. Міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында Комитет мыналарға құқылы:

- республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасы талаптарын сақтауы;

- республикалық бюджетке түсімдер: шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекеттік үлестерге табыс, республикалық мемлекеттік кәсіпорындар таза тыбысының үлестері, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер, мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүліктерді сатудан алынған қаражаттар толық және уақытылы түсуін қамтамасыз ету бөлігінде мемлекеттік органдардың қызметі.

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сатып алу-сату республикалық мемлекеттік мүлікті жалдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тиісті өтінуі болған жағдайда, оларды сенімді басқару шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуы.

Республикалық бюджеттен берілген бюджет қаражаттарының, оның ішінде кредиттердің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың мақсатты пайдаланылуы.

Республикалық бюджет, оның ішінде мемлекет тапсырыс бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері алған қаражатты пайдаланудың тиімділігі.

Республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасы талаптарының бұзылу себептеріне баға беру.

Бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) экономикалық тиімділігіне және орындылығына баға беру.

- өздері белгілеген мерзімде бақылау объектілерінен республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті құжаттар, анықтамалар, ауызша және жазбаша түсіндірмелер сұрау және алу;
- орталық атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтерінен жоспарлар, есептер және өзге де қажетті ақпарат алу;
- республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуында анықталған бұзушылықтар фактілері бойынша бақылау объектілерінің лауазымды адамдарын тыңдау;
- республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау жүргізуге мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын тарту;
- заңмен қорғалатын коммерциялық және өзге де құпиялар құпиялылығы режимінің саталуын ескере отырып, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу мәселелеріне жататын құжаттамамен кедергісіз танысу;
- нормативтік құқықтық базаны және бақылау жүргізу әдістемесін жетілдіру мәселелері бойынша іс-шаралар әзірлеу;
- акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері иеленуге және пайдалануға берілген мемлекеттік органдарға мемлекеттік сыртқы немесе ішкі бақылау органдарының қызметкерлерін акционерлік қоғамдар тексеру комиссияларының құрамына кіргізуді ұсыну.

Тақырып 9 дәріс. Қаржылық-құқықтық жауапкершілікті құқықтық реттеудің өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Қаржылық-құқықтық жауапкершілік, қаржылық құқық бұзушылық. Құқық бұзушылықтың құрамы, объект, объективтік жақ, субъект, субъективтік жақ және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Қаржылық-құқықтық жауапкершілікті құқықтық реттеу қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы.
2. Мемлекеттік қаржылар саласындағы мемлекеттік мәжбүрлеу: түсінігі, шаралары, өзіне тән белгілері, ерекшеліктері.
3. Мемлекеттік қаржылар саласындағы қаржылық құқық бұзушылықтар: түсінігі, негізгі белгілері, құрамы.
4. Қаржылық-құқықтық жауапкершілік: түсінігі, мақсаты, негізгі белгілері, түрлері, шаралары. Қаржылық құқықтық сипаттағы әкімшілік құқық бұзушылық.

Тезис:

Мемлекетте қаржылық құқық бұзушылықтың аз болуы үшін қаржылық тәртіптің сақталуы тиіс. Қаржылық құқық бұзушылық бұл мемлекеттің қаржы саласына қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің сақталмауы, заңға қайшы іс-әрекет жасап, оны орындамау. Қаржылық құқық бұзушылық мынадай белгілерден тұрады: құқыққа қайшы әрекет, кінәнің орын алуы, себепті байланыс, зардаптың болуы, құқық

бұзушылық үшін жауаптылықтың көзделуі.

Қаржылық құқық бұзушылық құрамамы субъектіден, объектіден, субъективтік жағы мен объективтік жағынан тұрады. Қаржы аясында жасалған құқық бұзушылықтарды үш топқа бөліп қарастырамыз. Олар қаржылық құқық бұзушылық, әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық құқық бұзушылық. Осы құқық бұзушылықтардың ішінде негізгі құқық бұзушылық ретінде салық салу аясындағы құқық бұзушылықты атап айтса болады. Салықтық әкімшілік құқық бұзушылық кең таралған түрі. Қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық. Қандай да юлмасын мемлекеттің өсіп-дамуының материалдық базасы – қаржыларды қалыптастыратын ең басты қайнар көздерге салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жататыны белгілі. Қаржылық құқық саласының белгілі ғалымы Худяков А.И. өз еңбегінде салықтардың түсінігін беріп қана қоймай, олардың басқа төлем түрлерінен ажыратуға қажетті ерекшеліктерін ашып көрсеткен.

Тақырып 10 дәріс. Бюджеттік құқық - қаржылық құқықтың басты институты ретіндегі өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Бюджеттік құқық, жергілікті бюджет, республикалық бюджет, төтенше бюджет және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Бюджеттік құқықтың қаржылық құқықтың бір бөлімі ретінде түсінігі. Бюджеттік құқықтың пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары. Бюджеттік құқықтық қатынастар мен бюджеттік құқықтық нормалардың ұғымы.
2. Бюджеттің түсінігі, “бюджет” терминінің қалыптасуы. Бюджеттің құрылымы. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі.
3. Республикалық бюджеттің кіріс көздері. Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің шығыстары.
4. Жергілікті бюджеттің кіріс көздері. Қазақстан Республикасының жергілікті бюджетінің шығыстары.

Тезис:

Мемлекеттік қаржылық қатынастарды реттеу саласындағы құрылымын: Қазақстан Республикасының Президенті; Қазақстан Республикасының Парламенті; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті; Қазақстан Республикасының Үкіметі. Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган. Қаржылық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган. Қаржыны атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган. Мәслихат; Жергілікті атқарушы орган және тағы басқа органдар құрайды.

Қазақстан Республикасының Президентінің құзыреті. Қазақстан Республикасының Президенті қаржылық қатынастарды реттеу саласында: республикалық бюджетті әзірлеу және оның атқарылуы туралы есеп беру тәртібін айқындайды. Республикалық бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын айқындайды. Қазақстан Республикасының аумағында төтенше мемлекеттік бюджетті енгізу туралы шешім қабылдайды және оны әзірлеу тәртібін айқындайды.

Мемлекеттік жағдай мен республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауда алдағы жылға арналған Қазақстан Республикасының бюджет саясатының негізгі бағыттарын айқындайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес құрады және ол туралы ережені бекітеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру

және пайдалану тиімділігін арттыру жөнінде, сондай-ақ оны пайдаланудың көлемі мен бағыттары жөнінде шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы есептерді бекітеді. Ұлттық Банктің қызметін қадағалайды, есебін бекітеді, төрағасын тағайындайды және босатады. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Парламенті қаржылық қатынастарды реттеу саласында:

Республикалық бюджетті, сондай-ақ республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді. Қазақстан Республикасының Парламенті қаржы саласын реттейтін, атап айтсақ бюджет, салық, кеден, валюталық, сақтандыру, құнды қағаздар тағы басқа қаржылар жөнінде заңдарды қабылдап оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Қазақстан Республикасының Парламенті Қазақстан Республикасының Үкіметінің төрағасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің төрағасын тағайындауға келісім береді. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бюджеттік қатынастарды реттеу саласында:

- Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүргізу тәртібін белгілейді;
- Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік қаржы бақылауының стандарттарын әзірлейді, сондай-ақ оларды бекітеді және олардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүзеге асырады;
- Төтенше мемлекеттік бюджеттің атқарылуына бақылауды жүзеге асырады.

Бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржылық қатынастарды реттеу саласында: Қазақстан Республикасының Парламентіне республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді; Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді. Жергілікті ақша қаражат қорларының жобаларын әзірлеу тәртібін айқындайды; Республикалық қаржының атқарылуын қамтамасыз етеді, республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару тәртібін айқындайды; тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулы қабылдайды; қарыз алуды жүзеге асырады; шикізат секторы ұйымдарының тізбесін бекітеді; орта мерзімді фискалдық саясат жобасын әзірлеу тәртібін айқындайды; қаржылық инвестициялық жобаларды қарау тәртібін айқындайды. Салықтық емес түсімдерді алуға жауапты және олардың түсуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесін, оларды бюджетке аудару тәртібін айқындайды. Мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру қажеттік туралы шешімдер қабылдайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру тәртібін, мемлекеттік және мемлекеттік кепілдік берген қарыздарды алу, пайдалану, өту және оларға қызмет көрсету, оларды тіркеу мен есепке алу, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың мониторингі мен оны басқару тәртібін айқындайды. Мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалған тауарларды өткізуден түсетін ақшаны пайдалану тәртібін айқындайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервін пайдалану тәртібін айқындайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану тәртібін айқындайды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін рұқсат етілген қаржылық активтердің және материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге мүліктің тізбесін айқындайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы аудиттің өткізілуін қамтамасыз етеді. Төмен тұрған

бюджеттерден жоғары тұрған бюджетке қаржыларды алып қоюлардың және жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге қаржылық субвенцияларды аударудың тәртібі мен кезеңділігін айқындайды: Жалпы сипаттағы ресми трансферттер көлемдері есептерінің әдістемесін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді фискалдық саясатын бекітеді затта нормаларды бекітеді. Бірыңғай сыныптаманы бекітеді және оны жасау тәртібін айқындайды; Қаржылық бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу тәртібін айқындайды. Орталық атқарушы органдардың сондай-ақ олардың аумақтық органдарының және оларға ведомствалық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат санына лимитін бекітеді. Жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгілік құрылымын және жергілікті атқарушы органдардың штат саны лимитін бекітеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімі фискалдық саясатының жобасын әзірлейді; тиісті қаржы жылына арналған республикалық қаржы туралы, қаржыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың жобаларын әзірлейді және оларды қарауға Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді; тиісті қаржы жылына арналған республикалық қаржы туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді; қаржылық өтінім жасаудың және табыс тәртібін айқындайды; мемлекеттік мекемелердің өз иелегінде қалатын тауарларды өткізуден түсетін түсімдер мен ақша шығыстарының болжамын жасау нысанын белгілейді; бюджет түсімдерін болжау әдістемесін айқындайды; бірыңғай бюджет сыныптамасының жобасын әзірлейді; жылдық қаржыландыру жоспарын әзірлейді және бекітеді. республикалық қаржыны нақтылау жөнінде ұсыныстар енгізеді; қаржылық бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік қарыз алуды және борышты жоспарлау мен талдау жүзеге асырады. Бюджеттік кредиттеуді жоспарлау мен талдауды жүзеге асырады.

Экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қаржылық қатынастарды реттеу саласында:

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының жобасын әзірлейді. Басым қаржылық инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырады. Гранттарды тартуға басымдылығы бар өтінімдердің тізбесін қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді. Қаржылық инвестициялар мен гранттардың тиімділігіне бағалауды жүргізеді.

Қаржының атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган:

Республикалық қаржыны атқарады және жергілікті қаржылардың атқарылуына қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың жобаларын әзірлеуге қатысады. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық қаржы туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеуге қатысады. Қаржылық қорға түсетін түсімдерді болжауға және мемлекеттік қаржыға кірістердің түсуі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен басымдықтарын айқындауға қатысады.

Республикалық қаржылық қордың түсімдері мен оны қаржыландырудың жиынтық жоспарларын бекітеді және оларға өзгерістер енгізеді. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне рұқсаттар береді.

Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеуді жүзеге асырады. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асырады.

Уақытша бос бюджеттік ақшаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкідегі салымдарға орналастырады; Банктік шоттардан шетел валютасын қайта айырбастау тәртібін айқындайды.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жабу және жүргізу тәртібін айқындайды. Бюджеттік есепке алуды жүргізу тәртібін айқындайды. Есептік жасаудың және табыс етудің тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарын алады, пайдаланады тіркейді, өтейді және оларға қызмет көрсетеді, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өзі шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алу мен сатуды жүзеге асырады.

Мемлекеттік емес қарыздардың мемлекеттік кепілдіктері бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді. Бюджет қаражатын игеру мониторингін жүзеге асырады.

Республикалық бюджеттің атқарылуы барысында республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бюджеттік есепке алу есептілік жөніндегі әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша келіссөздер жүргізеді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздар шарттарына қол қояды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарын шығарады, мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарына және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес қарыздарға қызмет көрсетуге екінші деңгейдегі банктерді конкурстық негізде айқындайды және оларға уәкілеттік береді.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен бюджет кредиттерінің берілуін, оларға қызмет көрсетілуін және олардың нысаналы пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады, олардың есепке алынуын, мониторингін және қайтарылуы қамтамасыз етеді.

Ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1. Мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкесітігіне ішкі бақылауды жүзеге асырады.
2. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы ол бойынша есеп және есептілік жүргізу гранттардың мемлекет кепілдік қарыздардың мемлекет активтердің мемлекеттік мекемелердің тауарлар сатуынан түскен өз иеліктерінде қалатын ақшаның пайдаланылуы бөлігінде Қазақстан Республикасының заңдары талаптарының бұзылу себептеріне баға береді.

Бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан әкімдігі: жергілікті бюджет жобасын әзірлейді және оны мәслихатқа табыс етеді. Жергілікті бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді және мәслихатқа оның атқарылуы туралы жылдық есепті табыс етеді. Тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы жергілікті өкілді органның шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдайды.

Жергілікті атқарушы органның орта мерзімді фискалдық саясатын бекітеді.

Экономикалық бюджеттік жоспаарлау бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарды құрады.

Облыстың республикалық маңызы бар қаланың астананың ауданның бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын айқындайды.

Бюджеттік комиссия- бюджет жобасын уақытылы және сапалы әзірлеу мен бюджетті нақтылау және атқару жөнінде ұсыныстар жасауды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын комиссия.

Республикалық бюджетті комиссия және облыстардың республикалық маңызы бар қалалардың астананың ауданның бюджеттік комиссиялары өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

Бюджеттік комиссиялардың құзыретіне: алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискалдық саясат жөнінде ұсыныстар талдап-жасау; тиісті қаржы жылына

арналған бюджеттер жобаларының көрсеткіштерін айқындау жөнінде ұсыныстар талдап-жасау.

Алдағы үш жылдық кезеңде және жоспарланып отырған қаржы жылында қаржыландыруға арналған бюджеттік бағдарламаларды іріктеу орта мерзімді фискалдық саясатты негізге ала отырып, оларды іске асыру тетігін айқындай жөнінде ұсыныстар талдап-жасау.

Республикалық немесе жергілікті бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе түсімдерін қысқартуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар талдап-жасау.

Тиісті қаржы жылына арналған бюджеттерді нақтылау жөнінде ұсыныстар талдап-жасау. Бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалау нәтижелерін қарау және сролар бойынша ұсыныстар талдап-жасау.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органдар тиісінше бюджеттік комиссияның отырыстарын өткізеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және комиссия жүзеге асыратын қызметке жауапты болады.

Бюджеттік комиссияның төрағасы болмаған кезде оның функцияларын бюджеттік комиссия төрағасының өзі тағайындаған орынбасары орындайды. Бюджеттік комиссияның хатшысы бюджеттік комиссияның қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді, бюджеттік комиссия отырыстарының хаттамаларын дайындайды.

Жұмыс органы бюджеттік комиссия айқындайтын мерзімдер мен күн тәртіптеріне сәйкес бюджеттік комиссияның отырыстарына материалдар дайындайды. Бюджетті жоспарлау жоспарланып отырған кезеңге арналған бюджет түсімдерінің көлемін және басымдықты ескере отырып, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттеріне сәйкес оларды пайдалану бағыттарын айқындау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу процесі болып табылады.

Бюджет бір қаржы жылына жоспарланады. Кезекті қаржы жылына арналған бюджеттің жобасымен бір мезгілде алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттің болжамы жасалады.

Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды. Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискалдық саясатын Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы жылдың 1 - маусымына дейін бекітеді және ол міндетті түрде жариялануға жатады.

Жергілікті атқарушы органның алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімде фискалдық саясатын жергілікті атқарушы органдар ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін бекітеді және ол міндетті түрде жариялануға жатады.

Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Заттай нормалар – қажетті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді тұтынудың немесе пайдаланудың заттай көрсеткіштері. Заттай нормаларды қолдану бюджетті жоспарлау мен атқарылу кезінде міндетті болып табылады.

Заттай нормаларды орталық мемлекеттік органдар әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Орталық мемлекеттік органдар мемлекеттік бюджеттің және республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды көрсеткіштерін ескере отырып, Республикалық бюджет комиссиясының қарауына заттай нормаларды өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстар енгізу құқылы.

Бюджет түсімдерін болжауды республиканың немесе аймақтық орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспары және үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискалдық саясат негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге

асырады. Тауарлардың құны түріндегі бюджетке түсімдерді көрсетуге гранттар алған кезде ғана, сондай-ақ тек Қазақстан Республикасы бектікен халықаралық шартта көзделген жағдайлар жол беріледі.

Тақырып 11 дәріс. Салықтық құқығы – қаржылық құқықтың институты ретіндегі өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Салықтық құқық, салық, баж, төлем, салық объектілері, салық субъектілері және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Салықтық құқықтың пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары. Салықтық құқықтық қатынастардың субъектілері.
2. Салықтардың қалыптасу тарихы және ерте кездегі салықтардың түрлері.
3. Салықтың түсінігі, құрамы және салықтың түрлері. Салықтың атқаратын рөлі. Салықтардың жіктелуі. Қазақстан Республикасының салық жүйесі.

Тезис:

Салықтық құқық деп, салық төлеуші мен мемлекет немесе мемлекеттік органдар арасында пайда болатын құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын айтамыз. Салықтық құқықтың пәнін осы салық салау саласындағы туындайтын қоғамдық қатынастар тобы. Салықтық құқық та басқа құқық тәрізді құқықтық реттеу әдістерінен тұрады. Олардың ішінде басты құқықтық реттеу әдіс – императивті, өктем әдіс болып табылады. Салықтық құқық қаржылық құқықтың бір бөлімі болғанымен, өзіне тән құқық жүйесін құрайды. Ғалымдардың тұжырымы бойынша салықтық құқықтық жүйесі жалпы және ерекше бөлімнен тұратын құқықтық институттардан тұрады. Салық тек мемлекеттік-өктем түрде белгіленген төлем.

Салықтарды белгілеу және алу кезінде мемлекет салық төлеушілердің келісімін, ерік білдіруін қажет қылмайды. Салық – еріксіз төлем болып табылады. Салық төлеушілер мемлекеттің біржақты-өктем ерік білдіруінің нәтижесінде салықты еріксіз түрде төлеуге мәжбүр болады. Салық – меншік нысаны ауысатын төлем. Мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың меншігіндегі ақшалар мемлекет меншігіне айналады.

Салық туралы ұғым ерте заманнан қалыптасқан. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының “Салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдер” Салық кодексіне сәйкес, салық дегеніміз – мемлекеттік органмен қамтамасыз етілетін, бюджетке төленетін міндетті, қайтарымсыз ақшалай төлем. Салық кодексінде көзделгендей салықтың төғыз түрі бар, мысалға, жеке табыс салығы, корпорациялық табыс салығы, жер салығы, мүлік салығы, әлеуметтік салық, акциздер, т.б. салықтан басқа да міндетті төлемдер болады, атап айтатын болсақ: төлем ақылар, алымдар, баж және кедендік төлемдер.

Салық салу объектісіне байланысты салықтыр тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей салықтар, яғни жеке және заңды тұлғалардың табыстары мен мүліктеріне тікелей, нақты белгіленетін салықтар. Жанама салықтар тауарлардың бағасы мен көрсетілген қызметтердің тарифтері арқылы алынатын салықтар. Салықтар бақа да белгілерге байланысты жіктеледі.

Салықтық құқықтық қатынастардың субъектілеріне:

- мемлекет;
- мемлекеттік органдар;
- заңды тұлғалар;
- жеке тұлғалар;

Аталған субъектілерді формасына, құқықтық жағдайына байланысты тағы да жіктеуге болады. Салықтық құқықтық қатынастарды субъектілердің арасында негізге субъект – салық төлеушілер болып табылады. Мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, экономикасының тұрақты болуы үшін салықтық құқықтық рөлі аса маңызды болып табылады.

Тақырып 12 дәріс. Қаржылық-банктік құқық - қаржылық құқықтың бөлімі ретіндегі өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Қаржылық-банктік құқық, Ұлттық банк, Даму банкі, екінші деңгейдегі банктер және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Қаржылық-банктік құқықтың пәні, қайнар көздері, құқықтық реттеу әдістері мен жүйесі.
2. Банк ұғымы. Қазақстан Республикасының банктік жүйесі.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымы, оның өкілеттілігі.
4. Екінші деңгейдегі банктердің құқықтық жағдайы.

Тезис:

Қазақстан Республикасының банктік жүйесі екі деңгейден тұрады. Біріншіденгейлі бан – Ұлттық Банк. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын бір аукционда ұсыну көлемі 31 млрд. теңгеден 150 млрд. теңгеге дейін біртіндеп ұлғайтылды. 2006 жылы 3,8 трлн. теңге көлемінде ноталар шығарылды, бұл 2005 жылға қарағанда 2,0 есе көп.

Айналыстағы ноталар көлемі 2006 жылы 3,3 есеге 533,1 млрд. теңгеге дейін артты. 2006 жылғы 12 шілдеден бастап Ұлттық Банк жаңа Ең төменгі резервтік талаптар (ЕРТ) туралы ереже енгізді. Ол бойынша банктің ЕРТ нормативтеріне кіретін міндеттемелерінің құрылымы біраз кеңейтілді. Сонымен қатар ең төменгі нормативтік талаптардың мынадай жіктелген нормативтері енгізілді: банктің ішкі міндеттемелері үшін 6% және өзге міндеттемелері үшін 8%.

18 шілдеден бастап екінші деңгейдегі банктер алғашқы рет жаңа ереженің талаптарына сәйкес ең төменгі резервтік талаптарды есептей бастады, ал 20 шілдеден бастап резервтік активтерін қалыптастыра бастады. Ережеге өзгерістердің енгізілуі ең төменгі резервтік талаптардың ұлғаюына әкеп соқты, ол өз кезегінде резервтік активтердің өсуіне әкелді. 2006 жылғы 1 шілдеден бастап Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану механизмінің өзгеруіне байланысты Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін айырбастаудың және қайта айырбастаудың жаңа ережесін қабылдады (2006 жылғы 25 шілдедегі № 67). Осы Ережеге сәйкес Ұлттық Банк алтын валюта активтерінен Ұлттық қор үшін шетел валютасын сатып алумен қатар ішкі нарықтан шетел валютасын сатып ала алады.

Ұлттық Банк Қызметінің 2007-2009 жылдарға арналған негізгі бағыттары. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына сәйкес Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Ақша-кредит саясатының негізгі бағыттары жыл сайын алдағы 3 жылға, ақша-кредит саясатының 3 жылға арналған негізгі көрсеткіштерінің болжамдарын қоса және алдыңғы жылға арналған шараларды нақтылай отырып айқындалады.

Ақша-кредит саясатының 2007-2009 жылдарға арналған көрсеткіштерінің болжамдарын әзірлеу трансмиссиялық механизм үлгісі пайдаланылды. Есептеу кезінде орташа мерзімді кезеңде әлемдік экономиканың өсу қарқыны және әлемдік тауар нарықтарының конъюнктурасы Қазақстан экономикасының дамуына қолайлы жағдай

жасайтын болады деген болжамдар пайдаланылды. Бұдан басқа, есептеулер мен ұсыныстар негізіне Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарының (бұдан әрі – Орта мерзімді жоспар) өлшемдері алынды.

Сонымен бірге, республикалық бюджеттің 2007 жылға арналған жобасына сәйкес, республикалық бюджеттің 2007 жылға арналған шығыстары бюджеттің 2006 жылғы шығыстарымен салыстырғанда 28,1%-ға көбейеді деп болжанып отыр. Инфляцияға болжам Филипс қисығы негізінде жасалды, ол ІЖӨ-нің әлуетті деңгейінен, инфляциялық күтулерден және еңбекақыдан ауытқуы арасындағы теориялық өзара байланысты көрсетеді.

Соңғы көрсеткіштер, өз кезегінде, экономикаға берілген кредиттер, айырбас бағамы, ақша массасы және басқа да көрсеткіштер арқылы айқындалады. Сыртқы борыш қарастырылатын үлгілерге тікелей кірмейді.

2007-2009 жылдарға арналған әлуетті инфляцияға P-star үлгісі бойынша жасалған болжам біршама шетел капиталының әкелініп, ішкі қаржы нарығындағы өтімділіктің асып кетуі, мемлекеттік бюджет шығыстарының өсуі жағдайларында орта мерзімді кезеңде инфляция динамикасының төмендеу үрдісі болғанымен экономиканы дамытудың инфляциялық аясының сақталатындығын көрсетеді.

Тақырып 13 дәріс. Қаржылық-сақтандыру құқығы - қаржылық құқықтың институты ретіндегі өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Қаржылық-сақтандыру құқығы, сақтандыру, сақтандыру құқығының пәні, сақтандыру құқығының әдісі, сақтандыру құқығының қайнар көздері, сақтандыру құқығының қағидалары және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Сақтандыру құқығының пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары. Сақтандыру құқығы қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің бір институты ретінде түсінігі. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру құқығының қалыптасу жағдайлары.
2. Сақтандырудың түсінігі мен оның түрлері. Сақтандырудың күрделі формалары. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметінің түсінігі және дамуы. Сақтандыру қатынастарының қатысушылары.

Тезис:

Кең мағынада “сақтандыру” қандай да бір келеңсіз жағдайлардан сақтауды, қорғауды білдіреді. “Сақтандыру” сөзі “страх” – қорқыныш, үрей деген сөзден шыққан. Сақтандыру құқығы қаржылық құқықтың ерекше бөлімінің бір институты. Сақтандыру қатынастары Қазақстан Республикасының “Сақтандыру қызметі туралы” Замен реттеледі.

Сақтандыру қатынастарының негізгі қатысушылары болып сақтанушы мен сақтандырушы болып табылады. Сақтанушы – сақтану үшін сақтандырушыға сақтандыру өтемін төлейтін тұлға.

Сақтандырушы – сақтандыру төлемі арқылы сақтанатын тұлғаны сақтандырушы субъект. Сақтандыру ісі бойынша сақтандырылған тұлға, сақтандыру төлемі, сақтандыру өтемі, сақтандыру жағдайы, сақтандырудың объектісі, сақтандырудың пәні және сақтандыру тәуекелі болады.

Сақтандыру өзінің сипатына байланысты бірнеше түрлерге бөліп қарастырылады. Сақтандыру міндеттілік дәрежесіне байланысты ерікті сақтандыру және міндетті сақтандыру, объектісіне байланысты жеке сақтандыру және мүлктік сақтандыру болып бөлінеді. Міндетті сақтандыруда сақтандыру заңмен екінші тараптарға жүктеледі, яғни

міндетті болып табылады. Ал, ерікті сақтандыру бойынша ондай мәжбүрлеу болмайды.

Сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін сақтандыру ұйымдарын құру жағдайлары Қазақстан Республикасының “Сақтандыру қызметі туралы” Заңында қарастырылған.

Жеке және заңды тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместері заңда және уәкілетті мемлекеттік органның өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген талаптарды ескере отырып, сақтандыру ұйымдарының құрылтайшылары және акционерлері бола алады. Мемлекет өзі құрылтайшысы немесе акционері болып табылатын сақтандыру ұйымының міндеттемелері бойынша, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, оның жарғылық капиталына салған қаражаты шегінде жауапты болады.

Сақтандыру ұйымын құруға рұқсат алу үшін уәкілетті мемлекеттік органға мынадай құжаттар табыс етіледі:

- ❖ сақтандыру ұйымын құруға рұқсат алуға өтініш;
- ❖ нотариат куәландырған және заңдарда белгіленген тәртіппен ресімделген құрылтай құжаттарының үш данасы;
- ❖ сақтандыру ұйымын құру туралы шешім қабылданғанын дәлелдейтін құжаттар;
- ❖ құрылатын сақтандыру ұйымының таяаудағы үш жылға арналған актуариймен куәландырылған ұйымдастыру шараларының жоспарын, т.б.;
- ❖ өтініш берушінің құрылтайшылары атынан өтініш беру өкілеттігін растайтын нотариат куәландырған құжат.

Тақырып 14 дәріс. Қаржылық-шаруашылық құқығы - қаржылық құқықтың институты ретіндегі өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: Қаржылық-шаруашылық құқығы, шаруашылық құқығының пәні, шаруашылық құқығының әдісі, шаруашылық құқығының қайнар көздері, шаруашылық құқығының қағидалары және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Қаржылық – шаруашылық құқықтың қаржылық құқықтың бір бөлімі ретінде түсінігі.
2. Қаржылық – шаруашылық құқықтың пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары.
3. Қаржылық – шаруашылық құқықтың қаржылық құқықтың бір бөлімі ретінде түсінігі.
4. Қаржылық – шаруашылық құқықтың пәні, әдісі, қайнар көздері және қағидалары.

Тезис:

Мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындар. Мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық – қаржылық және өндірістік бағытының негізі. Мемлекеттік кәсіпорындар шаруашылық жүргізу құқығына негізделген. Мемлекеттік кәсіпорындар жедел басқару құқығына да негізделген, сондай мақсаттарда қызметін жүзеге асырады. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар.

Қаржылық құқықтың қаржылық – шаруашылық құқығы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың құқықтық жағдайын қарастырады. Қаржылық – шаруашылық құқықтың пәні болып мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін жүзеге асыру барысында пайда болатын қоғамдық қатынастар жиынтығы.

Мемлекеттік кәсіпорындарға, шаруашылық жүргізу құқығына негізделген және жедел басқару құқығына да негізделген кәсіпорындар жатады. Мемлекеттік меншік нысанғына байланысты кәсіпорындар мынадай төмендегі түрлерге бөлінеді:

Республикалық меншікте болатын кісіпорындар – мемлекеттік республикалық кәсіпорындар; Коммуналдық меншікте болатын кәсіпорындар – мемлекеттік коммуналдық мекемелер.

Дәріс. 15 Тақырып. Мемлекеттік несиелеудің құқықтық негіздері мен шарттардың өзекті мәселелері.

Түйінді сөздер: мемлекеттік несие, несие, несие саясаты, несие түрлері, мемлекеттік қарыз алу, қарыз алуды өтеу, жауаптылық мәселесі.

1. Мемлекеттік несиелеудің ұғымы және жалпы сипаттамасы. Несиелік қатынастардың субъектілері. Мемлекеттік несиелеудің түрлері.
2. Мемлекеттік қарыз алу: ұғымы мен тәртібі. Мемлекеттік қарыз алудың түрлері мен нысандары.
3. Мемлекеттік несиелеу саласындағы шарттардың құқықтық табиғаты.

Тезис:

Жылжымайтын мүліктермен операцияларды жүзеге асыру үшін ипотекалық несиелеу жүйесінің барлық звеноларының қызметтерін реттейтін заңды нормалардың қажет екендігі белгілі.

Кепілдік құқықтың негізгі көзі, яғни соған байланысты ипотекалық несиелеуді жүзеге асыру кезіндегі негізгі құқықтық норма Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі болып табылады. Сонымен қатар мынандай нормативті-құқықтық актілермен де реттеледі:

1. «Жер туралы» Заң (соңғы өзгертулер мен толықтыруларды есепке алғанда);
2. «Жылжымайтын мүліктер құқығын және сонымен байланысты келісімдерді тіркеу туралы» Заң және т.б.

Жеке тұлғалар банктен ипотекалық несие алған жағдайда банк пен клиенттің арасында жазбаша түрде ипотекалық келісім-шарт толтырылады. Оған кепіл беруші, кепіл ұстаушы тұлғалар қол қояды. Ипотекалық құқық ипотекалық келісім-шарт тіркеуден өткен кезден бастап пайда болады. Ипотекалық келісім-шартты нотариалдық куәландыру екі жақтың өзара келісімдері бойынша жүзеге асады.

Ипотекалық келісім-шарттың субъектілері болып мыналар табылады:

- ипотекалық келісімге қатысушы тұлғалар, яғни кепіл беруші және кепілді ұстаушы — заңды және жеке тұлғалар;
- тіркеуші орган;
- бірыңғай кепілдік реестрді ұстаушы.

Ипотекалық келісім-шартта төмендегідей реквизиттер міндетті түрде көрсетілуі керек:

- кепіл беруші мен кепілді ұстаушының толық аттары, орналасқан
- негізгі міндеттеменің мәні, оның мөлшері және орындалу мерзімі;
- кепілге алынған жылжымайтын мүліктердің тізімі және олардың орналасқан жерлері;
- екі жақтың міндеттері мен құқықтары;
- т.б. қажет деп табылған шарттар.

Ипотекалық несиелеуді ұйымдастыру үшін жеке тұлғалардан мынандай құжаттар өткізу талап етіледі:

1. жазбаша түрдегі өтініш. Онда алынатын несие сомасының мақсаттары нақты көрсетілуі керек;

2. қарыз алушы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттар көшірмесі;
3. тұрақты жұмыс орнынан соңғы бір жылдағы айлық жалақысы туралы анықтама қағаз, сонымен бірге, бар болған жағдайларда тағы басқа қандай көздер есебінен табыс алып отыратындығы туралы анықтама қағаз;
4. өз меншігіндегі өтімділігі өте жоғары мүліктердің бар екендігін дәлелдейтін құжаттар және нақты кепіл ретінде қай мүліктің қалдыратынын көрсетуі керек, яғни сол мүлік туралы құжаттардың түп-нұсқасы банкке өткізілуі қажет. Егер кепіл ретіндегі мүлік бірнеше тұлғаның меншігінде болса, онда сол тұлғалардың келісімдері талап етілуі керек;
5. қажет болған жағдайларда т.б. құжаттар өткізіледі.

Сонымен банктердің тәжірибесінде қолданылатын ипотекалық несиелеу процесінің өзіндік кезеңдері болады. Яғни, несиелік процесс ипотекалық несиеге деген өтінішті өңдеуден басталып, оны толық қайтарумен аяқталынады. Әр кезеңде пайдаланылатын ипотекалық несиелеу механизмінің элементтері несиелік операциялардың сапалы сипатын бере отырып, олардың жүзеге асырылу техникасын білдіреді. Ипотекалық несиелеу процесі мынандай кезеңдерді қамтиды:

1. несиеге деген өтінішті қарау;
2. клиенттің несиелік қабілеттілігін талдау;
3. несиелік келісім-шарт жасасу;
4. несие беру;
5. несиелік мәміленің орындалуына бақылау жасау.

Сонымен несиелік процесс бұл белгілі-бір банктің қабылдаған және белгілі-бір тізбектілік негізінде орындалтын несиелік қатынастарды жүзеге асыру әдісі болып табылады. Несиелік процесті іске асыру үшін ең алдымен банкте дайындық кезеңдері жасалуы керек. Яғни, елдегі жалпы макроэкономикалық жағдайларға бағалау жүргізіледі және банктің әртүрлі категориялардағы қарыз алушылармен жұмыс істеуге дайын екендігі тексеріледі. Ол үшін ипотекалық несиелеу процесіне қажетті бірнеше ішкі банктік нормативті құжаттар қабылданады. Содан кейін несиелік ресурстарға деген қажеттіліктері бар клиенттерден өтініштер қабылданады. Өтініштерде көрсетілген мақсаттар тексеріліп, олардың банктің несиелік саясатында көрсетілген бағыттармен сәйкестілігі қаралады.

Олар сәйкес келген жағдайларда берілетін несиенің түріне байланысты несие алуға қажетті құжаттар жинақталады, содан кейін оларға, яғни өтінішпен бірге өткізілген құжаттарға талдаулар жүргізіледі. Ең алдымен, жеке тұлғалар үшін олардың айлық табыстары мен шығындарына салыстырулар жүргізу негіздерінде клиенттердің несиелік қабілеттіліктеріне талдаулар жасалады.

Соған байланысты несиелік инспектор несиелік келісімнің тиімділіктері туралы қорытындылар жасайды. Қазіргі банктік тәжірибеде банктер тарапынан негізгі көңіл берілетін несиені қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бөлінеді. Сондықтан, қамтамасыз ету үшін алынатын мүліктерге дұрыс бағалау жүргізу талап етіледі. Осы мәселелердің барлығы банкті толық қанағаттандырғаннан кейін банк пен клиенттің арасында несиелік келісім-шарт бекітіледі.

I. Несиені өтеу көздеріне байланысты:

- а) клиенттің өзіндік ақша қаражаттары, яғни табыстары есебінен;
- б) несиені қамтамасыз ету үшін кепілдеме берген басқа заңды тұлғалардың банктік шотынан ақша қаражаттарын алу есебінен;
- в) басқа банктен несие алу жолымен немесе т.б. көздер есебінен (өз меншігіндегі активтерді стау есебінен)

II. Несиені өтеу мерзіміне байланысты:

- а) несиені алдын ала белгіленген нақты мерзімде толық сомада өтеу;
- б) несиені өтеу мерзімін кейінге шегіндіру;

в) несиені белгіленген мерзімінен бұрын өтеу.

Банктен берілген несиені өтеу тәртібі міндетті түрде несиелік келісім-шартта көрсетіледі. Несие өз уақытында өтелмеген жағдайда, яғни өтеу мерзімі кейінге шегіндірілсе, онда қарыз алушы тұлға неғұрлым жоғары пайыз төлейді.